

МУРАТБАЕВ NEWS

01.06.2023|БЕЙСЕНБІ

БАСЫЛЫМ №13



«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ

Облыстық «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өткен «Кітап оқитын мектеп» атты байқауының жеңімпазы *Тұрсынбай Аян - III орын*
Жетекшісі: Сабырбаева Аманкүл Сүйінбайқызы
Шығармашыл ұстаздарымыздың еңбектері ақтала берсін!

«ЕЛБАСЫ МЕДАЛЬ» - ЖАС БУЫНДЫ ЖАН- ЖАҚТЫ ДАМУДЫ КӨЗДЕЙТІН ҰЛТТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАҒДАРЛАМА.



ЕР - ЕЛІНІҢ ҚОРҒАНЫ

Отан қорғаушылар күніне орай оқушыларға патриоттық тәрбие беру мақсатында жергілікті әскери қызметкерлермен кездесу ұйымдастырылып, 40336 әскери бөлімшесінің психологы кіші сержант Тортугулова Алия Берикболқызы, лейтенант Бейбіт Мадиди Бақытжанұлы, Бөлімше сержанты Оразбеков Батырбек Бекзатұлы оқушылармен кездесті. Кездесу барысында Отан алдындағы Ата заңымызда жазылған әрбір азамат борышын атқаруға міндетті екенін айтылды. Оқушылардың қызығушылығы артып, мектеп бітірген соң әскерге баруға немесе әскери оқу орындарына түсуге өз талаптарын білдірді.





Қанипа Бітібаева олимпиадасының республикалық кезеңінің жеңімпазы.

Шығыс Қазақстан облысы,
Өскемен қаласында
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
«Дарын» республикалық
ғылыми практикалық орта-
лығының ұйымдастырумен
9-11 сынып оқушылары ара-
сындағы Қанипа Бітібаева
атындағы қазақ тілі мен
әдебиеті пәні
олимпиадасынан 9 сынып
оқушысы:
Тұрсынбай Аян - 2 орынды
иеленді.
Жетекшісі: Кудериева
Бакыт Жаксылыковна

Жалпы білім беру
ұйымдарының 9-11 сынып
оқушылары арасында өт-
кізілген «Мен Қазақстан-
ды не үшін сүйемін?..»
атты республикалық
шығармашылық байқауы-
ның жеңімпазы:
Райымкулова Азиза – III
орын
Жетекшісі: Трусбаева
Енлик Сакеновна
Шығармашыл
ұстаздарымыздың
еңбектері ақтала берсін!



«КІТАП ОҚЫП ЖЕҢІМПАЗ АТАН» БАЙҚАУЫ

Фани Мұратбаев атындағы гимназиясында оқу мәдениетін көтеруге, бүгінгі жастарды кітап оқуға ынталандыруға бағытталған «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылып отырған, «Кітап оқып жеңімпаз атан» байқауының жеңімпаз оқушыларын марапаттау салтанатты түрде өтті. Байқау 2 кезеңнен ұйымдастырылып, жеңіп шыққан оқушыларымыз бағалы, ынталандыру сыйлықтар, алғыс хаттармен марапатталды.

Бастауыш буын:

Бас жүлде - Бекдос Әдемі 3 а сыныбы

1 орын - Бондарь Александр 3 г сыныбы

1 орын - Умирова Фарида 4 б сыныбы

2 орын - Жаксылық Бейбарыс 3 в сыныбы

2 орын - Әбілда Иманғали 4 б сыныбы

3 орын - Асқар Ақнур 3 ә сыныбы

3 орын - Алимбек Алихан – 3 г сыныбы

3 орын - Курбанмұрат Аяжан - 4 а сыныбы

Орта буын

Бас жүлде - Толдыхан Инабат 7 ә сыныбы

1 орын – Тазабек Мерей 6 а сыныбы

2 орын – Еркін Аружан 6 ә сыныбы

3 орын - Нурхан Қуралай 7 б сыныбы

Жоғары буын

Бас жүлде – Кочкумбаева Жұлдыз 9 б сыныбы

1 орын - Тұрсынбай Аян 9 б сыныбы

2 орын - Ынтымақ Нурсауле 8 а сыныбы

3 орын Серікбай Жания 9 б сыныбы

Гимназия кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы әрі қарайда жұмысын жалғастырады.

"Артық білім кітапта, Ерінбе оқып көруге", - деп ұлы ақынымыз Абай жырлағандай ерінбей білім алуға асығайық. Бар білімнің патшасын тек кітаптан ғана таба алатынымызды ұмытпайық.

“OZYQ BOL”

Жамбыл облысы білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы мен «125 International school of Taraz» мектебінің ұйымдастыруымен облыстық математика және ағылшын тілі пәндері бойынша өткізілген «OZYQ BOL» (4сынып оқушыларына арналған) олимпиадасына қатысып, Математика пәні бойынша:

Сағымбай Нұрасыл – III орын

Жетекшісі: Сейтханова Салима Дихановна

Ағылшын пәні бойынша:

Төрбек Сабина – грамота

Жетекшісі: Туганбаева Акмарал Ахметқызы



«МЫҢ БАЛА» ұлттық жобасының жеңімпаздары анықталды.

«Мың бала» ұлттық жобасы – еліміздегі ауыл мектептерінде білім алатын оқушыларды қолдау мен дамытуға бағытталған ұлттық ауқымдағы бірегей жоба. Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясынан аталған жобаның I-кезеңіне 5-6 сынып оқушыларынан 45 оқушы қатысып, 22 оқушы II – кезеңге жолдама алды. Ұлттық жобаның 2 кезеңінің қорытындысы бойынша гимназиямыздың 9 оқушысы жеңімпаз атанып, Республика бойынша үздік мың оқушының қатарынан табылды.

Қарағанды қаласынан жүлдемен оралды.

Қарағанды қаласының білім басқармасының ұйымдастырумен «Roboland - 2022» Халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінен «GMonline2» командасы жүлделі III орынды Тәжібай Мирас -10 сынып және Бешли-оглы Мансур – 10 сынып оқушылары иеленді.

Жетекшісі: Кульбаева Дана Торебековна.



«Almaty tech cup - 2022» VII ашық чемпионаты

Алматы қаласы «Almaty Arena» орталығында Алматы қалалық білім басқармасының ұйымдастырумен «Almaty tech cup - 2022» робототехника және инновациялық технологиялар VII ашық чемпионатынан

IT-дегі бизнес санаты бойынша:

10 сынып оқушылары Исхаков Равиль, Атагулов Анес жүлделі III орынды иеленді.

Жетекшісі: Кульбаева Дана Торебековна

Жеңімпаз оқушыларымыз бен олардың жетекшісін шын жүректен жеңістерімен құттықтаймыз!



«СЫҢҒЫРЛА, СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ»

Міне, биыл тағы бір оқу жылы аяқталып, мектеп бітірушілер мен оқу жылын аяқтаған балалар үшін «Соңғы қоңырау» соғылуда. «1 маусым-Халықаралық Балаларды қорғау» күнінде «Сыңғырла, соңғы қоңырау» атты іс-шараның куәсі болды.

Салтанатты жиын қонақтары ұстаздар мен оқушыларды, ата-аналарды соңғы қоңырау мерекесімен құттықтай отырып түлектерге алдағы ҰБТ сынағынан сүрінбей өтіп, жоғары деңгейден көріне берулеріне тілектес екендігін жеткізді. Сонымен қатар, бұл күн оқушыларға ғана емес, олардың ата-аналарына, сонымен бірге бір жылдық қажырлы еңбекті қорытындылайтын мұғалімдер үшін де үлкен мереке екендігін атап өтті. Қымбатты да, қадірлі ұстаздар қауымын осынау ауыртпашылығы мен жауапкершілігі мол кәсіпті атқарып жүргендеріне алғысын білдірді!



«Оқуға құштар мектеп» рубрикасы

Хадиша тағы да күтіп жатты. Жанындағы орыс кемпір қорылдап ұйықтап қалды. Байғұс, жақсы адам. Ақкөңіл. Тек түнде қорылдайтыны қиын. Хадиша бұған да үйреніп, еті өлген.

Екеуі бірнеше жылдан бері бір бөлмеде. Жетім қарттар үйінде бас-басына бір-бір бөлме қайда. Екі-екеуден, кей бөлмелерде үшеуден, төртеуден жататындары да бар. Ольга байғұс жатағын жиі ауыстырды. Басқа көршілермен сыйыспайды. Себебі: қорылдайды. Қорылдың емі жоқ. Сондықтан көршілер үстінен арыз түсіреді. Жетімхана бастықтары оны басқа бөлмеге ауыстырады. Онда да тұрақтамайды.

Тұрақтап, байыз тапқан жері — осы Хадишаның қасы. Түні бойы қорылдап шығатын кемпірді кім жақсы көрсін. Бірақ Хадиша ешкімге арыз айтқан жоқ. Өйткені, Хадишаға бәрібір. Ол түн баласы ұйықтамайды. Қорылдан ұйқысы бұзылып жатқан жоқ. Ол күндіз мызғып алады. Түнде көз ілмейді.

Ол күтіп жатады. Антына берік. Баяғыда абысыны Ақшаймен ұрсысып қалғанда:

— Жүз жыл күтемін! — деп қаны қатқан.

— Ақшай да кесірлі еді-ау, марқұм. Несі бар Хадишаның жүрегіндегі жараны тырнап. Байыңды енді күтпей-ақ қой, енді келмейді деп.

Сөйткен Ақшай да әлдеқашан өліп қалды. Хадиша әлі тірі. «Жүз жыл күтемін!» дегені Құдайдың құлағына шалынып, Хадишаның ғұмырын әдейі ұзартып қойғандай. Екі көзінің нұры сөніп бара жатқаны болмаса, әл-әзір ешкімге масыл емес. Өзі жүріп-тұра алады.



Ш.Мұртаза. «Соғыстың соңғы жесірі»